

**ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ АҚПАРАТТЫҚ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ (1991-2000 жж.)****Жумабекова А.Н., магистрант**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Өзімізге белгілі, 1991 ж. 21 желтоқсанында Қазақстанның астанасы Алматы қаласында посткеңестік кеңістіктің 11 мемлекеті басшылары маңызды стратегиялық шешім қабылдаған болатын. Осы кездесудің нәтижесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Алматылық Декларациясына [1] қол қойылды және бұл құжатты қабылдаудың бірден бір себебі КСРО-ғы әлеуметтік-саяси және экономикалық үрдістер себеп болды. 2021 жылы осындай маңызды құжаттың қабылдануына 30 жыл уақыт толмақ.

Аталған Алматы Декларациясы бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түркменстан, Украина кірді, ал Латвия, Литва, Эстония және Грузия бұл ұйымға кі-руден бас тартты. Бірақ кейін Грузия ТМД құрамына қосылды. Сөйтіп, ең басында славян халықтарының одағы ретінде белгіленген бұл жоспар ең соңында ірі халықаралық ұйымның пайда болуына әкеп соқты.

Осы Достастық ұйымды құру бұрынғы кеңес халықтарының тарихи ортақтығын және олардың арасындағы күрделі, жаңаша байланыстарды негіздеді. Бірақ олар жаңа топтық ұйым құрғанмен жаңа мемлекет құрған жоқ. ТМД-ның Кеңес Одағынан басты айырмашылығы ерекше көрсетілді, бұнда бір Конституция, Орталық үкімет жалпы азаматтық ең басынан белгіленген жоқ.

Достастықтың негізгі құжаттары ТМД мүше-мемлекеттерінің ынтымақтастығының экономикалық құрамдас бөлігінің қажеттілігін атап көрсетіп, оның қажеттіліктерін атап көрсеткен болатын. Мысалы, 1991 ж. 8 желтоқсанда қол қойылған ТМД құру жөніндегі Келісімшарттың 7-ші бабына сәйкес ТМД мүше мемлекеттерінің ортақ қызметтері ретінде ортақ экономикалық кеңістікті, жалпыеропалық және еуразиялық нарықты қалыптастыру мен дамыту, осымен қатар кедендік саясат, транспорт пен байланыс салалары бойынша өзара ынтымақтастықты дамыту атап көрсетілген [2]. Кейін келе, бұл ережелер 1993 ж. 22 қаңтарында қабылданған ТМД Жарғысында да орын алған. ТМД құру жөніндегі Келісімшартта экономикалық ынтымақтастықтың аспектілеріне үлкен мән берілген. Мұның дәлелі ретінде құжатта көрсетілген ТМД-нің мақсаты мен принциптері көрсетілген бөлімде орын алған экономикалық мәселелерді келтіруімізге болады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының негізгі мақсаттары жалпы түрде былай көрсетілді:

- Саясатта, экономикада, гуманитарлық, мәдени және басқа салаларда бірігіп жұмыс істеу;
- Барлық жағынан экономиканы реттеу және әлеуметтік дамытуды мүше мемлекеттердің жалпы экономикалық аумағында іске асыру;
- Адам құқықтарын және еркіндіктерін қорғау;
- Мүше мемлекеттер арасында бірігіп қимыл жасау, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жаппай және толық қарусыздануды іске асыру;
- Экономикалық одақ құру, мүше мемлекеттер арасындағы экономикалық саясат айырмашылықтарын жою.

ТМД құру жөніндегі Келісімшартта орын алған Достастықтың мақсаттары қатарында экономика саласындағы ынтымақтастыққа көп көңіл бөлінгендігін көруімізге болады. Осымен қатар, ТМД Жарғысының 5-ші бөлімі экономика саласындағы ынтымақтастық мәселелеріне арналған. Жарғының 19-шы бабына сәйкес экономикалық ынтымақтастықтың келесі бағыттары атап көрсетілген: нарықтық қатынастардың негізінде ортақ экономикалық кеңістікті және тауарлардың еркін айналымын қалыптастыру; транспорт пен байланыс, осымен қатар энергетика жүйелерін дамыту; несиелік-қаржы саясатын координациялау, мүше-мемлекеттер арасындағы саудаэкономикалық байланыстарды дамытуға ықпал ету;

инвестицияларды кеңейту және өзара қорғау; өнеркәсіп өнімдері мен тауарларын стандартизациялау мен сертификациялауға ықпал ету.

Осылайша, ТМД құру жөніндегі Келісімшарт пен ТМД Жарғысында ұйымның құрылуының алғашқы кезеңінен бастап ақ мүше-мемлекеттер арасындағы экономикалық ынтымақтастыққа үлкен орын бөлінгендігін анықтауымызға болады.

Өзімізге белгілі, бір кездегі КСРО басшыларының саясаты бойынша қалыптасқан бірыңғай халық шаруашылық комплексі барлық ұлттық республикаларды бір-бірімен тығыз байланыстырып қойған. Осы маңызды жағдайды есептеп Достастық құрушылар өздерінің негізгі мақсаттарында

бұрыннан қалыптасқан экономикалық байланыстарды сақтап, оны жаңаша дамытуға көп мән берді. Осы мәселелер бойынша алғашқы мақсаттар ТМД басшыларының 1992 жылғы Ташкент және Бішкек самиттарында нақты талқыланып, оларда экономикалық саясаттағы басты бағыттар белгіленді. Ал қаржы проблемаларын шешу үшін 1993 жылғы Минск кездесуінде ТМД-ң Мемлекетаралық Банкісін құру туралы келісім шартқа қол қойыл-ды. Осы шаралар 1992 жылғы Қазақстан президенті Н.Назарбаев ұсынған Экономикалық одақ құру туралы концепциясының іске асырыла бастауы еді.

1993 жылдың 24 қыркүйегінде Мәскеу қаласында Әзербайжан, Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттері басшыла-ры ТМД кеңістігінде Экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қойды. Украина мен Түр-кменстан одаққа ассоциацияландырылған мүшелер ретінде кірді.

Келісімшарттың баптары бойынша мынандай шаралар белгіленді:

- экономиканы нарықтық қатынастарға көшіріп интеграциялау арқылы бірыңғай кеден және валюталық кеңістікті дамытып, экономикалық одақты қалыптастыру;

- одақ тұрғындарының тұрмыстарын көтеру үшін экономикалық реформалар жүргізу жә-не экономиканың динамикалық және гармониялық дамуы үшін жақсы жағдай жасауды қам-тамасыз ету;

- келісуші жақтардың шаруашылық субъектілерін тікелей байланыстыру, капиталдар мен жұмыс күштерін жылжыту, еркін тауар айналымы негізінде экономикалық аймақты да-мыту және қалыптастыру;

- экономикаларын әлемдік шаруашылыққа қосылуына жағдай жасау, инвестицияны рет-теу және ол арқылы біріккен капитал жинау;

- экономикалық одақ территориясында оның азаматтарының еркін жүруі үшін визасыз жүйе құруды қамтамасыз ету;

- білім және мамандық туралы құжаттарды мойындау;

- сақтандыру және зейнетақы төлеу міндеттерін орындау т.б.

Қабылданған шарт негізінде 1994 жылдың қазан айында Достастық басшыларының кез-десуінде Одақтың Мемлекетаралық Экономикалық комитетін (МЭК) құру туралы келісімге қол қойылды. Бұл құжатты Түркменстаннан басқа ТМД-ң 11 мемлекеті қабылдады. МЭК-Экономикалық Одақтың қадағалаушы және атқарушы органы ретінде бекітілді. Ол өзінің жұмысында Достастық мемлекеттерінің басшыларының Кеңесіне, үкімет басшыларының Ке-несіне есеп беріп, мемлекетаралық және парламент аралық келісімдер бойынша жұмыс іс-тейтін органға айналды.

МЭК Достастықтың мемлекет және үкімет басшыларының кеңестеріне экономикалық мәселелер бойынша құжаттар ұсынады, келісімдердің және бағдарламалардың жобаларына экспертиза жасайды, қаржыны жұмсау, экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттердің байланыстарын дамыту, Достастық және халықаралық ұйымдарымен қатынастарды нығайту жұмыстарымен шұғылданады. МЭК-тың басқарушы органдары ретінде Президиум және Коллегия құрылды. Президиумды ТМД мүшелерінің вице-премьерлері төраға ретінде кезек басқарады. Президиумның отырыстарының арасында жұмысты өзінің төрағасы бар Коллегия жүргізеді, оның қызметі тұрақты түрде ұйымдастырылды, кейін Президиум және Коллегияға бір төраға сайланатын болды. МЭКтың департаменттер деп құрылатын басқарушы аппараты бар, оған ТМД-ға мүше мемлекеттердің өкілдері кіреді. МЭК-ті ұйымдастырушылар басқа-

рушы аппаратты қаржыландырады, аппарат Мәскеу қаласында орналасты, оның жұмыс тілі ретінде орыс тілі бекітілді.

МЭК-гі беретін дауыстардың саны Достастыққа қатысушы мемлекеттердің экономика-лық потенциалына байланысты бөлінді. Мысалы, МЭК-те шешім қабылдау үшін Ресей-50 дауысқа, Украина-14, Беларусь, Қазақстан және Өзбекстан әрқайсысы-5, Әзірбайжан, Арме-ния, Грузия, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан және Түркменстан әрқайсысы-3 дауысқа ие болды. Әрине, халқы жағынан Қазақстан мен Өзбекстаннан 2-3 есе аз бола тұра Беларусьтың 5 дауысқа ие болуы әділ шешім деп айтуға болмайды.

Мемлекетаралық Экономикалық Комитеттің құрылуы ТМД елдерінің экономикалық ин-теграцияны дамытуға бағыт алғанын көрсетті. «Интеграциялық үрдіске ТМД мемлекеттері тек экономика және Достастық мүшелерінің экономикалық мүдделері арқылы көшу керек» деген Қазақстан президенті Н.Назарбаевтың идеялары еуразиялық кеңістікте іске асырыла бастады.

Экономикалық интеграцияның дамуына 1994 жылдың сәуір айында ТМД басшылары қол қойған еркін сауда аймағы туралы келісім белгілі әсер етті. Ол бойынша жұмыс күші мен капиталдың қызмет көрсету және тауарлардың еркін айналымын қамтамасыз ету, бірыңғай кеден заңдарын қабылдау, транспорт системасын синхронды жұмыс істеткізу, ұлттық валю-таны конвертациялау т.б. шаралар іске асырыла бастады.

1994 жылы Достастық мүшелерінің ынтымақтастығын нығайтатын белгілі оқиға орын алды. Ол Төлем одағы туралы шартқа қол қою болды. Бұл құжат бойынша осы бірлестік ұлт-тық валюталардың егемендігін мойындай тұрып, басқа елдердің валюталарын қабылдауға және қолдануға шектеу қоймай, олардың конвертациялануына кепілдік беруге келісті. Соның негізінде өз ара ұлттық валюталарды конвертациялау арқылы бірыңғай төлем системасын құру белгіленді.

1992-1995 жылдардағы Кеден принциптері, МЭК Комитеті, Экономикалық сот және Төлем одағы туралы келісімдер Достастық мүшелерінің арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды жаңа деңгейге көтерді, соның негізінде салааралық қатынастар, саудадағы тауар айналымы біртіндеп өсе бастады. Мысалы, 1995 жылы Достастық кеңістігіндегі негізгі сауда партнерлері ретінде Қазақстан, Украина, Ресей және Беларусь анық байқалды. Олардың сауда айналымындағы үлесі 90 пайызға жақындады. Осы кезеңдегі ТМД мүшелерінің эконо-микалық қатынастарындағы айтарлықтай жетістік ретінде КСРО тарағаннан кейін үзіліп қалған байланыстарды қалпына келтіру болды деп айтуға болады.

Аталмыш кезеңдегі мақсаттар Достастық кеңістігінде әртүрлі деңгейдегі және әртүрлі жылдамдықтағы экономикалық интеграцияны қалыптастыру болды. 1996 жылдың басында Беларусь, Қазақстан, Украина және Ресей Федерациясы бірыңғай кеден территориясын қалыптастыру жолында негізгі шараларды іске асырды. Сөйтіп, Кеден Одағын құру және оның мақсаттарын белгіледі. Олар бойынша:

- ТМД кеңістігіндегі шаруашылық субъекттерінің қатынастарындағы кедергілерді жою және олардың экономикалық байланыстарын нығайту;
- экономиканың бірқалыпты дамуына кепілдік беру;
- еркін тауар алмастыру;
- әділ бәсекелестік;
- ұлттық шаруашылықты тұрақты өркендетіп, экономикалық саясаттағы координациялауды нығайту;
- бірыңғай экономикалық кеңістікті құруға жағдай жасау.

Әрине, Кеден Одағын құрушы мемлекеттер ең басында өздерінің экономикалық мүдделерін есептеп, оны нығайту үшін көрші мемлекеттермен жаңа нарықтық қатынастар негізінде дамытуға тырысты. Осындай басты принциптерге сүйеніп, аталған Достастық мүшелері 1996 жылдың 29 наурызында Кеден Одағын құру туралы шешім қабылдады және болашақта оған басқа мемлекеттерге кіруге болады деген мәлімдеме жасады. Кеден Одағы құрылысымен өзінің нәтижелерін бере бастады, бір жылдың ішінде Ресей мен Қазақстан арасындағы

тауар айналымы 56%, ал Беларусь-Ресей арасындағы осындай көрсеткіштер - 33% дейін өскен [3, б.286].

ТМД кеңістігіндегі интеграциялық құбылыстар аймақтық экономикалық ұйымдардың құрылуына әкеп соқты. 1992 жылы Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түркменстан «Экономикалық одақты құру туралы» шарт қабылдап, бұл қадамдар 1994 жылы Бірыңғай экономикалық кеңістіктің (БЭК) қалыптасуына жол салды. Орта Азиялық осы кеңістікке басында Өзбекстан, Қазақстан және Қырғызстан кірсе, 1996 жылы оларға Ресей мен Тәжікстан қосылды.

Осы кезден бастап мемлекет басшыларының 7 кездесуі өтіп, онда 5 мемлекет аралық келісімге қол қойылып, 20 астам шешім қабылданды. Осы ұйымның жұмысын дамыту үшін Мемлекетаралық Кеңес, Премьер-министрлер, Сыртқы істер Министрлерінің Кеңесі, тұрғылықты жұмыс істейтін Атқарушы Комитет және Орта Азиялық банк құрылды. Орта Азия мемлекеттерінің басты сауда партнері болып Ресей есептеледі. Мысалы Өзбекстанның сыртқы саудасындағы Ресейдің үлесі - 18%, Қырғызстанның - 22%, ал Қазақстанның сыртқы саудасында - 38% құрайды. 1996-2000 жылдары Орта Азиялық банкі 50 астам ірі экономикалық жобаларды қаржыландырды. Осының өзі аталып отырған аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың бүкіл ТМД кеңістігіндегі интеграциялық үрдіске елеулі үлес қосқанын байқатады. 2000 жылдың маусым айында Душанбеде өткен Орта Азиялық Экономикалық ынтымақтастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің отырысына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстанның басшылары қатысып, аймақтағы экономикалық интеграцияны дамытуға көптеген мүмкіндіктер бар екенін мәлімдеді. Осыған байланысты Орта Азияда еркін сауда еңгізу, Кедендік, Төлемдік және Валюталық Одақтар құру алдағы мақсаттар ретінде белгіленді. Аталған төрт мемлекеттің экономикасы мен экономикалық реформалары әртүрлі деңгейде болса да Орта Азиялық Экономикалық ынтымақтастық ТМД кеңістігінде зор мүмкіндігі бар бірлестік ретінде көрсете білді. Мысалы, 1995 жылдан 150 астам құжаттар қабылданып, солардың 90 пайызы 2000 жылда іске асырылды, осының өзі Орта Азиядағы эконо-микалық интеграцияны әр бағытта дамытуға мүмкіндік бар екенін дәлелдеді [3, б.287].

Осы кезеңдегі Достастық мүшелерінің экономикалық интеграциясында екі жақты келісім-дер арқылы көптеген мәселелерді шешу кең түрде орын алды. Мысалы, 1997 жылы Қазақстан мен Украина басшыларының кездесуінде екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы декларацияға қол қойылды. Ол бойынша екі мемлекет ғарыш кеңістігін зерттеу жә-не пайдалану саласында, стандарттау, метрология және сертификаттау мәселелері шешілетін болды. Сонымен қатар Әділет, Қорғаныс министрліктері, ұлттық банктер мен мұнай өңдеу са-лалары арасындағы өз ара іс-қимыл туралы ведомство аралық келісімдер жасалды.

1998 жылдың қаңтарында Мәскеу қаласында Мемлекетаралық Кеңеске мүше Қазақстан, Қырғызстан, Беларусь және Ресей Федерациясының президенттері: Н.Назарбаев, А.Акаев, А.Лукашенко және Б.Ельцин кездесті. Осының нәтижесінде төрт мемлекет арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтуға негізделген мәселелер төңірегінде ортақ уағдаластыққа қол жеткізілді. Оның көпшілігі кеден тәртібі мен кедендік алымдарға тікелей қатысты болды. Атап айтқанда, Кеден одағына қатысушы елдердің жалпы кедендік тарифы, акциздік салық саясатын үйлестіру, салық қызметінде өз ара әрекет етудің негізгі принциптерін анық-тау, көлік одағын қалыптастыру, Кеден одағына кіретін мемлекеттердің аумағы арқылы транзиттік жүктерді тасымалдау шарттарын ыңғайластыру және кеденнен өткізілетін тауар-ларға құжат дайындау тәртібін жеңілдету туралы мәні мен маңызы зор мәселелер жөнінде шешімдер қабылданды.

1998 жылдың 6 наурызында Ресей астанасында кездескен Достастық құрамындағы 12 мемлекеттің үкімет басшылары 11 маңызды құжатқа қол қойды. Осы келісімдердің басым көпшілігі экономикалық қатынастарды тереңдетуге арналды. Осы жылдың сәуір айында Бе-ларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы және жаңа қосылған Тәжікстанның қа-тысуымен Мемлекет аралық Кеңестің кезекті отырысы болып, онда экономиканы, азаматтар-дың жағдайын дамыту туралы мәселелер қаралды және «Ұлтаралық корпорациялар туралы

конвенция», «Достастыққа қатысушы мемлекеттердің ортақ аграрлық рыногы туралы келі-сім» құжаттары мақұлданды.

Ал 1999 жылы Астанада, Ашхабадта және Бішкекте болып өткен кездесулерде Орта Азия мемлекеттерінің басшылары аймақтағы экономикалық жағдайды ТМД кеңістігіндегі интеграцияға сәйкестендіру мәселелерін талқылады. Осының нәтижесінде бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды, оның ішінде әсіресе Арал проблемасына арналған декларацияны ерекше атауға болады.

Әрине, ТМД мемлекеттерінің экономикалық қатынастарында көп қиыншылықтар да бар, олардың ішінде кейбір елдерде реформалардың кешеуілдетіп жүргізілуі, нормативтік заңдар-дың сәйкес келмеуі, қаржының жетіспеуі, келісімдерді уақытында орындамау және тағы басқа-ларын атауға болады. Соған қарамастан Достастық кеңістігіндегі экономикалық интеграция жылдан жылға дами түсуде, әсіресе, екі жақты қатынастар белгілі дәрежеге жете бастады. 1999 жылы экономика салаларындағы екі жақты қатынастар Украина мен Молдавия араларында 90 нормативтік актілерімен, Қазақстан мен Грузия, Өзбекстан мен Түркменстан араларында 60-астам құжаттармен бекітілді. Ал Ресей және басқа ТМД мемлекеттерінің араларында 500 жа-қын келісімдерге қол қойылды.

Сондықтан, 1991-2000 жж.ТМД шеңберіндегі қабылданған құжаттар Достастықтың шеңберіндегі экономикалық ынтымақтстықтың алғышарттарын жасап, болашақта ТМД шеңберіндегі жаңа интеграциялық идеялардың пайда болуы мен олардың жүзеге асуының мүмкіндіктерін жасап берді деген қорытынды шығаруға негіз бар.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Алма-Атинская Декларация (Алма-Ата, 21 декабрь 1991 г.) // [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1006942#pos=3;-102](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1006942#pos=3;-102)
2. Соглашение о создании Содружества Независимых Государств (г. Минск, 8 декабря 1991 года) // <https://cis.minsk.by/page/show?id=176>
3. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы. – Қарағанды, 2005. – 344 б.